

**Алматы қаласы Әкімінің 24.11.98 ж. N 1167 шешіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Алматы қаласы әкімінің шешімі 2000 жылғы 14 сәуірдегі N 374 Алматы қалалық Әділет басқармасында 2000 жылғы 17 тамызда N 153 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімінің 2006 жылғы 7 наурыздағы N 33 шешімімен

**А л м а т ы      қ а л а с ы н ы ң      ә к і м і**  
**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ :**

Алматы қаласы әкімінің 24.11.98 ж. N 1167 "Алматы қаласы аумағында шағын кәсіпкерлік объектілері үшін пәтерлерді, тұрғын үйлердің астыңғы бөлігін және біріктіріліп салынған жайларды қайта жаңғырту (қайта жоспарлау) тәртібі туралы" шешіміне келесі өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2.2 т. "үй-жайды қайта жаңғырту (қайта жоспарлау) жобасы" сөзінен кейін: "(бар болғанда)" сөзімен толықтырылсын:

2. 2.5 т. келесі редакцияда баяндалсын:

¶ Үй-жайды қайта жаңғырту (қайта жоспарлау) жобасын әзірлеу үшін өтініш берушілер архитектура және қалақұрылысы Департаментінде архитектура-жоспарлау тапсырмасын алуы керек (АЖТ).

Үй-жайды қайта жаңғырту (қайта жоспарлау) жобасы Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген тәртіпте өкілетті органдармен келісілуі қажет.

3. 2.6 т. алып тасталсын.

Алматы қаласының әкімі